

8D08102 – «Топырактану және агрохимия» білім беру бағдарламасы бойынша докторант Мауленова Салтанат Сабыржанқызының «Қазақстанның оңтүстік-шығысының суармалы топырақтары жағдайында алманың өнімділігіне биоорганикалық және минералды тыңайтқыштардың тиімділіктерін салыстырмалы бағалау» тақырыбында жазылған диссертациясына және докторантқа ғылыми жетекшінің

ШІКІРІ

Мауленова Салтанат Сабыржанқызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы жеміс шаруашылығын дамытуға, суармалы топырақтардың құнарлылығын сақтауға және алма бақтарында тыңайтқыштарды ғылыми негізде тиімді қолдануға бағытталған өзекті ғылыми зерттеу болып табылады. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағы – еліміздегі негізгі жеміс өсіретін өңірлердің бірі. Бұл аймақта суармалы алма бақтарының өнімділігін арттыру, топырақ құнарлылығын сақтау және экологиялық қауіпсіз тыңайту жүйелерін әзірлеу қазіргі таңда аграрлық ғылым мен өндірістің маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Осыған байланысты минералдық және биоорганикалық тыңайтқыштардың алма ағашының өсуіне, өнімділігіне және жеміс сапасына әсерін салыстырмалы бағалау ғылыми және практикалық тұрғыдан аса маңызды. Диссертациялық жұмыста суармалы кара-қоңыр топырақ жағдайында өсірілген «Голден Делишес» алма сортына әртүрлі тыңайтқыш жүйелерінің әсері жан-жақты зерттелген. Зерттеу барысында топырақтың агрохимиялық қасиеттері, қарашірінді мөлшері, азот, фосфор және калий элементтерінің өзгерістері, микробиологиялық белсенділігі, алма ағашының биометриялық көрсеткіштері, жапырақ бетінің қалыптасуы, фотосинтетикалық белсенділігі, өнімділігі, жеміс сапасы мен сақталғыштығы анықталған.

Зерттеу нәтижелері минералдық тыңайтқыштарды биоорганикалық препараттармен үйлестіріп қолданудың жоғары тиімділігін көрсетті. Ұсынылған тыңайту жүйелері бақылау нұскасымен салыстырғанда алма ағашының өсуін жақсартып, өнімділікті арттыруға және жеміс сапасын жоғарылатуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар алынған нәтижелер топырақтың биологиялық белсенділігін арттыруға және агроэкожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететінін дәлелдейді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – Қазақстанның оңтүстік-шығысының суармалы топырақтары жағдайында биоорганикалық және минералдық тыңайтқыштарды кешенді қолданудың алма ағашының өсуі мен өнім қалыптастыруына әсері алғаш рет кешенді түрде бағаланғандығында. Алынған ғылыми нәтижелер агрохимия, топырактану және жеміс шаруашылығы ғылымдарының дамуына белгілі бір үлес қосады.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жоғары. Ұсынылған тыңайту жүйелерін Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы суармалы алма бақтарында және ұксас топырақ-климаттық жағдайдағы шаруашылықтарда қолдануға болады. Зерттеу нәтижелері өндірісте жоғары әрі сапалы өнім алуға, тыңайтқыштарды тиімді пайдалануға және топырақ құнарлылығын сақтауға мүмкіндік береді.


Автордың өзіне келетін болсақ, Мауленова Салтанат Сабыржанқызы бакалавриат пен магистратурада білім алған кезеңнен бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысып келеді. Ол диссертациялық жұмысты орындау барысында далалық және зертханалық зерттеу әдістерін толық меңгеріп, ғылыми деректерді жүйелі талдай білетінін көрсетті. Ізденуші жауапкершілігі жоғары, еңбекқор, ғылыми ізденіске бейім және зерттеу жұмыстарын сапалы орындай алатын жас ғалым ретінде өзін жақсы қырынан танытты.

Ғылыми жұмыс жүргізу барысында Салтанат Сабыржанқызы ғылыми әдебиеттермен жүйелі жұмыс істеп, алынған нәтижелерді терең талдап, оларды өндірістік тәжірибемен байланыстыра білді. Оның ғылыми ізденісі мен табандылығы диссертациялық жұмыстың мазмұнын толық ашуға және зерттеу нәтижелерін жоғары деңгейде ұсынуға мүмкіндік берді.

Қорыта келе, Мауленова Салтанат Сабыржанқызының «Қазақстанның оңтүстік-шығысының суармалы топырақтары жағдайында алманың өнімділігіне биоорганикалық және минералды тыңайтқыштардың тиімділіктерін салыстырмалы бағалау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ғылыми жаңашылдығы, теориялық және практикалық маңыздылығы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми дәрежелер беру талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Ал диссертациялық жұмыстың авторы Мауленова Салтанат Сабыржанқызы 6D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші,
ҚазҰАЗУ «Топырақтану,
агрохимия және экология»
кафедрасының профессоры,
а.-ш.ғ.к.



Жаппарова А.А.